

КЕЛІСІЛДІ

**Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай қаласы
білім бөлімінің
«№ 61 бөбекжайы» КМҚК
меңгерушісі
Г.С.Искакова**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 61 бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама

Қостанай қ.30.09.2022 ж.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2021 жылғы 15 сәуірдегі Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №61 бөбекжайы» КМҚК директорының 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №65 бұйрығына сәйкес 2022 жылдың 3 тоқсанына Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 61 бөбекжайы» КМҚК (бұдан әрі «№ 61 бөбекжайы» КМҚК) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Ішкі талдау Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V ҚРЗ Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді. Мектепке дейінгі ұйым өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын, педагог мәртебесі туралы Заңды Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және кәсіпорын Жарғысын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты басшылыққа алады.

«Персоналды басқару»

«№ 61 бөбекжайы» КМҚК-да басқарушылық функциялар: әкімшілік; кадрлық жұмыс және іс қағаздарын жүргізу; оқу-тәрбие бөлімі және цифрландыру; әкімшілік-шаруашылық бөлім бойынша іске асырылады. 2022 жылдың 3 тоқсанына талдау жүргізу сәтінде «№ 61 бөбекжайы» КМҚК штат санын («Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» ММ 01.09.2022 жылға бекіткен), қызметкерлердің нақты саны 73 адам, Ұжымда 8 ер адам, 65 әйел адам еңбек етеді. Талданып отырған кезең 2022 жылғы 01 шілде мен 30 қыркүйек аралығында. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 56-бабы 1-тармағы бойынша өз еркімен қызметкерлер жұмыстан шығарылған жоқ. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша 4 қызметкер жұмыстан өз еріктерімен босатылды. Олар

Нурахметова Л.Б – хатшы, Деріпсәлі А.Т- тәрбиеші және орыс тілі мұғалімдері Садикова З.Б. мен Каримсакова Г. Өткен кезеңде теріс себептер бойынша жұмыстан шығару фактілері анықталған жоқ, жұмыстан шығару қызметкерлердің өз қалауы бойынша жүргізілді. Осылайша, шілде - қыркүйек кезеңінде ауысымдылық 5,4% құрайды. 2022 жылдың қыркүйек айының соңындағы жағдай бойынша хатшы лауазымына 1 бос орын бар. Ауысымдылық бөлігінде «әкімшілік орын ауыстырулар» анықталған жоқ. Шілде айынан қыркүйек айына дейін «Қостанай қаласының халықты жұмыспен қамту орталығы» ММ www.enbek.kz «Электрондық еңбек биржасы» портал арқылы қабылданған жоқ. Қазіргі таңда «№ 61 бөбекжайы» КМҚК барлық педагогтар кәсіби білім алуларына байланысты бойынша лауазымдарына сәйкес жұмыс атқаруда.

«Қостанай қаласының халықты жұмыспен қамту орталығы» ММ www.enbek.kz «Электрондық еңбек биржасы» порталында хатшы вакансиясы бар.

Педагог лауазымына тағайындау конкурс бойынша қыркүйек айында 4 педагог қабылданды. Жаңадан түскен қызметкерлерге сотталмағандығы туралы мәліметтердің болуы туралы сұраныстар жасалды (сұраным хаттар Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ-не уақытылы жіберілді, олар ҚР БП жанындағы ҚСЖАЕК «арнайы есепке алу» АЖ арқылы жүзеге асырылды), III тоқсан бойынша 5 сұраныс болды және барлық анықтамалар қызметкерлердің жеке істерінде сақталады.

«№ 61 бөбекжайы» КМҚК қызметкерлерінің сапалық құрамын талдай келе, қызметкерлердің орташа жасы 30-50 жасты құрайтынын атап өткен жөн. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлер - 2 қызметкерлер, педагогтар арасында зейнеткерлер жоқ. Қызметкерлер арасында ұлттық құрам бойынша: қазақтар – 90%, орыстар - 10% құрайды. (7 басқа ұлт өкілі).

Ұйымда меңгеруші Исакова Г.С., меңгерушінің ӘШБ жөніндегі орынбасары Танатова Б.О., бас есепші Хасенова А.Ж. туыстары жоқ.

Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, бөбекжай қызметкерлері 2022 жылғы 01 шілдеден – 30 қыркүйекке дейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз.

Қызметкерлерді оқытудан, біліктілігін арттырудан өту мерзімдері мен тәртібі аттестаттаудың және курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспарларымен реттелген, Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасының негізінде және оған сәйкес жүзеге асырылады. Біліктілікті арттыру курстарынан бес педагог: Досымбаева Г.С., Даниялова А.Д., Казиева Э.К., Самратова Г.А., Бекенова Г.Қ. өтті.

«№ 61 бөбекжайы педагогтарының біліктілік санаттарың төмендету туралы» бұйрық № 53 26 тамыз 2022 ж жасалып, төрт педагогтың санаты педагог дәрежесіне дейін төмендетілді.

«Мемлекеттік қызметтерді көрсету»

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен стандарттарға, қалалық білім бөлімінің ұсынымдарына, өкімдеріне және басқа да нормативтік актілерге сәйкес «№61 бөбекжайы» КМҚК келесі мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

1) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты»;

2) «Электрондық балабақша» автоматтандырылған жүйесі арқылы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау».

Мемлекеттік қызметтерді көрсету «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-тармағының 8-тармақшасына сәйкес көрсетіледі.

«№ 61 бөбекжайы» КМҚК мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

2022 жылдың 01 шілдеден - 2022 жылдың 30 қыркүйек аралығында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №61 бөбекжайы» КМҚК-да «INDIGO: электрондық балабақша» порталы арқылы -36 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау бойынша 0 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы (ХҚКО) – 1, тікелей мектепке дейінгі ұйымда- 0.

Өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру мақсатында 5 педагог біліктілігін арттырды. ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы ұйымдастырған Қызметкерлерді оқытудан, біліктілігін арттырудан өту мерзімдері мен тәртібі аттестаттаудың және курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспарларымен реттелген, Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасының негізінде және оған сәйкес жүзеге асырылады: Досымбаева Г.С., Даниялова А.Д, Казиева Э.К, Самратова Г.А., Бекенова Г.Қ өтті.

Бөбекжайында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша тиімді жұмыс жүргізу мақсатында келесі жұмыс түрлері жүзеге асырылды:

- 1) осы мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру бойынша нормативтік-құқықтық база бар;
- 2) «Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауаптыларды тағайындау туралы» бұйрық шығарылды. Жауапты тұлғалар халыққа сапалы, қолжетімді және уақтылы қызмет көрсету үшін жауапты болады, өйткені мемлекеттік

қызметтерді сапалы көрсету мемлекеттің беделін, сондай-ақ мемлекеттік мекемелерге сенім деңгейін арттырады;

- 3) мемлекеттік қызметтер бойынша журналдар жүргізілген. Журналдар тігілген, нөмірленген, мөрмен бекітілген, бөбекжай-бақша директорының қол қойған;
- 4) қызмет алушыларға мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен тәсілі туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету, үшін бөбекжайы сайтында (sad61-kst.kz) мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттері; сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, ақпарат, әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің қабылдау кестесі 2021-2022 орналастырылған.
- 5) мемлекеттік қызмет көрсету бойынша әкімшіліктің азаматтарды қабылдау кестесі бекітілді;
- 6) «e.gov» электрондық порталға шығатын мемлекеттік қызметтерді көрсету орны бар;
- 7) халықты ақпараттандыру үшін мемлекеттік қызмет көрсету бойынша стандарттары мен регламенттері бар стенд бар;

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері жыл сайын № 61 бөбекжайы директоры жанындағы кеңесінде қаралады.

"Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау, педагогтерге сыйлықтар алуға тыйым салу" 2022 ж. 23 қыркүйектегі № 1 хаттамасы

«Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

«№ 61 бөбекжайы» КМҚК рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

«Бақылау функцияларын іске асыру»

«№61 бөбекжайы» КМҚК бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№61 бөбекжайы» КМҚК ұйымдастыру - басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер».

Кәсіпорынға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері.

Кәсіпорында азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс «жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 13 қаңтардағы №221 ҚР Заңына сәйкес жүргізіледі.

Ағымдағы кезеңде жеке тұлға бойынша 0 Е-өтініш, шағым түскен жоқ. 2022 жылдың шілдесі мен қыркүйек аралығында «№ 61 бөбекжайы» КМҚК-да ата-аналар ауызша кеңес түрінде жүгінді:

- мектепке түсу кезіндегі жас шектеулері бойынша.

Есепші

Бас есепші Хасенова А.Ж. барлық бастапқы құжаттар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалды, төлемдер мен бюджет қаражатын аудару мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп ережелері мен нұсқаулықтарына сәйкес жүргізілді. Жалақыны есептеу жұмыс уақытын есепке алу табельдерінің, бұйрықтардың және негіздеуші құжаттардың басқа да

актілерінің негізінде жүргізіледі. Еңбекақы төлеу жалақыны қызметкерлердің карточкаларына аудару арқылы жүзеге асырылады. Есеп карталарына бөгде адамдардың аударымы немесе өтініші бойынша анықталған жоқ. ҚР Еңбек кодексінің 113-бабының 2-тармағына сәйкес әрбір қызметкерге еңбекақы төлеу түрлері бөлінісінде деректерді егжей-тегжейлі көрсете отырып, есеп айырысу парағы берілді.

Бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану анықталған жоқ.

ТМҚ мен негізгі құралдарды есептен шығару тауарлық –материалдық құндылықтарды есептен шығару жөніндегі Ережеге сәйкес жүргізіледі. Негізгі құралдар: 100% физикалық және моральдық тозу, қалпына келтіру жөндеуінің мүмкін еместігі және орынсыздығы, авариялар, дүлей зілзалалар жағдайларында жарамсыздығы кезінде кәсіпорынның теңгерімінен шығарылады. Қорларды есептен шығару материалдық жауапты тұлғалардың есептері бойынша есептен шығару актілері негізінде жүзеге асырылады, басқа қорлар пайдалану фактісі бойынша, орнату, ауыстыру, орындалған жұмыстар, ақаулы ведомостар негізінде есептен шығарылады, кейіннен есептен шығару актісі ресімделеді. Азық-түлік балалар саны бойынша есептерге сәйкес күн сайын беріледі. Күнделікті есептеулер негізінде бір айға жиынтық ведомость жасалады және тамақ өнімдерін есептен шығару актісі жасалады. Есептен шығару актілерінде есептен шығарылатын объектілерге сипаттама беріледі, шығарылған себебін көрсетеді. Осы кезеңде Азық-түлік, жуғыш заттар, кеңсе тауарлары мен дезинфекциялық құралдар есептен шығарылды.

Мемлекеттік сатып алулар

Мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына, сондай-ақ 2021 жылғы 02 қаңтардағы өзгерістерімен 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2022 жылдың III тоқсанында жалпы сомасы 2 000000 теңгеге 13 мемлекеттік сатып алу рәсімдері өткізілді. Қызмет көрсету шарттары келесі тәсілдермен жүргізілді: баға ұсыныстарын сұрату. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабы 4-тармағы негізінде ,бөбекжай меңгерушісінің бұйрығына сәйкес айына бір рет жүргізілді мемлекеттік сатып алу веб-порталын және лауазымды тұлғаның жұмыс орнындағы құжаттарды зерттеу арқылы сатып алу заңның барлық нормаларын қатаң сақтай отырып, ашық жүргізіледі.

Жақын туыстары (ата-аналары (ата-анасы), балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалары мен апалары, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде анықталған жоқ.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы
бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:**


1. «№ 61 бөбекжайы» КМҚК-ның әкімшілігі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтау, жүгінушілер арасында тұрақты түсіндіру жұмыстары уақытылы жүргізілсін.
3. «№ 61 бөбекжайы» КМҚК қызметкерлері мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, Әдеп кодексін, Педагогикалық әдеп қағидаларын, «№ 61 бөбекжайы» КМҚК-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын сақтауы, лауазымдық міндеттері орындалсын.

Жұмыс тобының төрайымы: Алпысбаева Н.С.

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:

Танатова Б.О. 
Балгабаева У.Ш. 
Байдаулетов С.А. 

КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«КОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 61 БӨБЕКЖАЙЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ-САД № 61» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
КОСТАНАЯ» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

110000. Қостанай қ, Павлова к, 43
телефон 8 (7142) 50-37-84
e-mail: sadik61@kst-goo.kz

110000. г.Костанай, ул Павлова, 43
телефон 8 (7142) 50-37-84
e-mail: sadik61@kst-goo.kz

23.09. 2022 жыл

№ 65

**« Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы»**

"Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығын іске асыру мақсатында ,

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2022 жылғы 26 қыркүйек пен 2022 жылғы 30 қыркүйек аралығында 2022 жылғы 3 тоқсандағы "Қостанай қаласы білім бөлімінің № 61 бөбекжайы" КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы бекітілсін (қосымша) ;
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін (2-қосымша).
4. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші:

Г.С.Искакова

№1 қосымша
директордың 2022 жылғы
23 қыркүйектегі № 65
«Ішкі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін талдау» бұйрығына

Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің № 61 бөбекжай - бақшасында
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша
Жұмыс тобының құрамы:

Алпысбаева Н.С. – жұмыс тобының төрағасы.

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Танатова Б. О. - директордың ӘШЖ жөніндегі орынбасары;
2. Балғабаева У. ш. - тәрбиеші, кәсіподақ комитетінің төрағасы;
3. Байдаулетов С. А. - спорт. нұсқаушы

№ 2 қосымша
директордың 2022 жылғы
23 қыркүйектегі № 65
«Ішкі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін талдау» бұйрығына

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
Өткізу бойынша жұмыс жоспары**

№ п/п	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
1	2022 жылғы 3 тоқсандағы талдау объектісінің қызметі туралы есептерді жинау	26.09.2022	Жұмыс тобының мүшелері: Танатова Б.О. Балгабаева У.Ш. Байдаулетов С.А
2	2022 жылғы 3 тоқсандағы тәртіптік практика туралы ақпарат жинау	26.09.2022	Танатова Б.О. Балгабаева У.Ш. Байдаулетов С.А
3	2022 жылғы 3 тоқсандағы мемлекеттік қызметтер көрсету туралы ақпарат	26.09.2022	Искакова.Г.С. Алпысбаева Н.С.
4	Талдау объектісінің қызметін, оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау жасау	26.09.2022 30.09.2022	Жұмыс тобының мүшелері: Танатова Б.О. Балгабаева У.Ш. Байдаулетов С.А
5	Талдамалық анықтама дайындау	30.09.2022	Алпысбаева Н.С. Балгабаева У.Ш.
6	Талдамалық анықтамаға қол қою	30.09.2022	Искакова.Г.С.